

**"Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 644 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 30 қазандағы № 473 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 қарашада № 8090 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 324 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 324 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).**

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 644 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5489 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және беру ережесінде:

80-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«80. Кредиторлық берешек туралы шұғыл есепті ай сайын:

1) ведомство қағаз тасығышта және электрондық дерекқор түрінде есепіден кейінгі айдың 20-ші күнінен кешіктірмей, сондай-ақ Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінің (бұдан әрі - ЭҚАБЖ) талаптарына сәйкес ресімделген ілеспе хат түрінде, КБ-Б және КБ-П нысандары бойынша есепті деректердің электрондық түрлерін және бюджеттік және өзге де қаражат есебінен қалыптасқан кредиторлық берешектің қалыптасу себептері туралы ақпаратты осы Ереженің 16 және 16-1-қосымшаларына сәйкес сала отырып беріледі.

Берешектің құрылу себептері туралы ақпарат әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша берешектің құрылу себебін қамтиды;

2) бюджетті атқару жөніндегі облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті уәкілетті органдары - электронды дерек қор түрінде, есепіден кейінгі айдың 20 күнінен кешіктірмей, есепіден кейінгі айдың аяғына дейін есеп деректерін қағаз тасығышта растай отырып, бюджетті атқару

жөніндегі орталық уәкілетті органға береді.

Қағаз тасығыштағы КБ-Б және КБ-П нысандар бойынша кредиторлық берешек туралы ай сайынғы есепке бюджет және басқа да қаражат есебінен құралған кредиторлық берешектің құрылу себептері туралы ақпарат осы Ереженің 16 және 16-1-қосымшаларына сәйкес қоса беріледі.

Берешектің құрылу себептері туралы ақпарат әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша берешектің құрылу себебін қамтиды.»;

81-тармақ алынып тасталсын;

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«83. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті шегінде мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомство және бюджетті атқару жөніндегі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті уәкілетті органдары жарты жылдық және 9 айға нақтыланған есептерді өткен қаржы жылы үшін есептіден кейінгі екінші айдың 20 күнінен кешіктірмей, есепті қаржы жылының үшінші айының 1 күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті құрылымдық бөлімшесіне береді.»;

84-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«84. Нақтыланған кредиторлық берешек туралы есептер электрондық дерекқор түрінде және атқарушы туралы мәліметтерді көрсете отырып, ресми бланкіге жазылған, басшының қолы қойылған қағаз тасығыштағы ілеспе хатпен жіберіледі.»;

85-тармақ алынып тасталсын;

93-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«93. Дебиторлық берешек туралы шұғыл есепті ай сайын:

1) ведомство қағаз тасығышта және электрондық дерекқор түрінде есептіден кейінгі айдың 20-ші күнінен кешіктірмей, сондай-ақ ЭҚАБЖ талаптарына сәйкес ресімделген ілеспе хат түрінде, ДБ-Б және ДБ-П нысандары бойынша есепті деректердің электрондық түрлерін және бюджеттік және өзге де қаражат есебінен қалыптасқан дебиторлық берешектің қалыптасу себептері туралы ақпаратты осы Ереженің 16-1 және 16-2-қосымшаларына сәйкес сала отырып беріледі.

Берешектің құрылу себептері туралы ақпарат әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша берешектің құрылу себебін қамтиды;

2) бюджетті атқару жөніндегі облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті уәкілетті органдары - электронды дерек қор түрінде, есептіден кейінгі айдың 20 күнінен кешіктірмей, есептіден кейінгі айдың аяғына дейін есеп деректерін қағаз тасығышта растай отырып, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға береді.

Қағаз тасығыштағы ДБ-Б және ДБ-П нысандар бойынша дебиторлық берешек

туралы ай сайынғы есепке бюджет және басқа да қаражат есебінен құралған кредиторлық берешектің құрылу себептері туралы ақпарат осы Ереженің 16-1 және 16-2-қосымшаларына сәйкес қоса беріледі.

Берешектің құрылу себептері туралы ақпарат әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша берешектің құрылу себебін қамтиды.»;

94-тармақ алынып тасталсын;

96-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«96. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті шегінде мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомство және бюджетті атқару жөніндегі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті уәкілетті органдары жарты жылдық және 9 айға нақтыланған есептерді өткен қаржы жылы үшін есептіден кейінгі екінші айдың 20 күнінен кешіктірмей, есепті қаржы жылының үшінші айының 1 күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті құрылымдық бөлімшесіне береді.»;

97-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«97. Нақтыланған дебиторлық берешек туралы есептер электрондық дерекқор түрінде және атқарушы туралы мәліметтерді көрсете отырып, ресми бланкіге жазылған, басшының қолы қойылған қағаз тасығыштағы ілеспе хатпен жіберіледі.»;

98-тармақ алынып тасталсын;

16-қосымша осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес мынадай редакцияда жазылсын;

осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес 16-2-қосымшамен толықтырылсын;

17-қосымша алынып тасталсын.

2. Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті (А.Н. Қалиева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және заңнамада белгіленген тәртіппен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында кейіннен жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының он бірінші, он екінші, он бесінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма сегізінші, отыз бірінші абзацты қоспағанда, мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Жәмішев*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің

2012 жылғы 30 қазандағы

№ 473 бұйрығына

1-қосымша

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың  
 бюджеттік есептілікті жасау және беру ережесіне  
 16-қосымша  
 Нысан

**Бюджет қаражаты есебінен \_\_\_\_\_ кредиторлық берешектің  
 (бюджеттің атауы)  
 қалыптасу себептері туралы ақпарат**

201 \_\_\_\_ жылға \_\_\_\_\_ арналған жағдай бойынша

Бюджет түрі - \_\_\_\_\_  
 Кезеңділігі - айлық, тоқсандық, жылдық  
 Өлшем бірлігі - мың теңге

Әкімші	Бағдарлама	Кіші бағдарлама	Атауы	Кредиторлық берешегінің, барлығы	оның ішінде				
					Барлығы	оның ішінде құрылыс және реконструкциялау бойынша 5% төлемді ұстау	Жұмыс берушілердің жалақысы мен жарналары бойынша қысқа мерзімді берешек (төлем мерзімі келген)	Орындалған жұмыстар актісін және аванстық есептерді кеш беруге байланысты	Тау: жұм көрс қызы жет бой беру шағ мінд оры байл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Мемлекеттік бюджетке қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомствоның/бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның басшысы

(қолы) \_\_\_\_\_ (қолды таратып жазу)

Деректерді жасау үшін жауапты құрылымдық бөлімшесінің басшысы

(қолы) \_\_\_\_\_ (қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің

2012 жылғы 30 қазандағы

№ 473 бұйрығына

2-қосымша

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың  
 бюджеттік есептілікті жасау және беру ережесіне  
 16-2-қосымша  
 Нысан

**Бюджет қаражаты есебінен \_\_\_\_\_ дебиторлық берешектің  
 (бюджеттің атауы)  
 қалыптасу себептері туралы ақпарат**

201 \_\_\_\_ жылға \_\_\_\_\_ арналған жағдай бойынша

Бюджет түрі - \_\_\_\_\_  
 Кезеңділігі - айлық, тоқсандық, жылдық  
 Өлшем бірлігі - мың теңге

1	2	3	4	5	оның ішінде:				10	11	
					Шарт талаптары бойынша ағымдағы жылғы алдын ала төлем	Ауыспалы шарттар бойынша (көп жылдық) алдын ала төлем	Есепті сома				Салыстыру актісіне сәйкес алдын ала төлеу
							өткен жылдары	ағымдағы жылы			

Мемлекеттік асыратын жергілікті басшысы \_\_\_\_\_  
 бюджетке ведомствоның/бюджетті уәкілетті \_\_\_\_\_  
 қызмет атқару \_\_\_\_\_  
 көрсетуді жүзеге жөніндегі органның \_\_\_\_\_

(қолы) \_\_\_\_\_ (қолды таратып жазу)  
 Деректерді жасау үшін жауапты құрылымдық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_  
 (қолы) \_\_\_\_\_ (қолды таратып жазу)